

**Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 138 "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 22 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 мамырда № 3506 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 маусымдағы № 149 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 28.06.2022 № 149 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 мамырдағы "әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекеленген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес және аудан әкімдігінің қаулысын қарап, Махамбет аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 138 "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 2801 санымен тіркелген, "Жайық шұғыласы" газетінің 2013 жылғы 19 желтоқсанында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

2-қосымшасының:

8-жолдағы "5 000" деген сандар "100 000" деген сандармен ауыстырылсын.

9-жолдағы "5 000" деген сан "100 000" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау, экономика және бюджет, қаржы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Р.Тұрдағали) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешім 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болады.

*Аудандық мәслихаттың кезектен  
тыс II-сессиясының төрағасы*

*А. Қабенов*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Мырзашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК